

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 2579 тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Өтініш берушіге қойылатын талаптар және банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының аудитін жүргізуге лицензия беру туралы өтінішке қоса берілетін құжаттардың тізбесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2003 жылғы 27 қазандағы N 384 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 21 тамыздағы N 244 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 28 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 3114. Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 27 мамырдағы N 117 қаулысымен.

Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 27 мамырдағы N 117 қаулысымен .

-----Қаулыдан үзінді-----

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне актуарлық қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 5 мамырдағы N 139-III Заңына сәйкес келтіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы ҚАУЛЫ
Е Т Е Д І :

1. Осы қаулының қосымшасында көрсетілген нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы қабылданған күннен бастап күшіне енеді...

Төраға

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының

2006 жылғы 27 мамырдағы N 117 қаулысының қосымшасы

Күші жойылды деп танылатын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

2) Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Өтініш берушіге қойылатын талаптар және банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары мен жинақтаушы зейнетақы қорларының аудитін жүргізуге лицензия беру туралы өтінішке қоса берілетін құжаттардың тізбесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2003 жылғы 27 қазандағы N 384 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" 2004 жылғы 21 тамыздағы N 244 қаулысы, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде N 2579 тіркелген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3114 тіркелген, 2004 жылы Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері бюллетенінің N 41-44 жарияланған)...

"Аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 1) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Өтініш берушіге қойылатын талаптар және банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының аудитін жүргізуге лицензия беру туралы өтінішке қоса берілетін құжаттардың тізбесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2003 жылғы 27 қазандағы N 384 қаулысына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2579 тіркелген, "Бюллетень нормативных правовых актов Республики Казахстан" N 1-4 журналында 2004 жылы жарияланған) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

атауындағы "ұйымдарының" деген сөзден кейін "және жинақтаушы зейнетақы қорларының" деген сөздермен толықтырылсын;

кіріспедегі "ұйымдарының" деген сөзден кейін "және жинақтаушы зейнетақы қорларының" деген сөздермен толықтырылсын;

1-тармақта "ұйымдарының" деген сөзден кейін "және жинақтаушы зейнетақы қорларының" деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Өтініш берушіге қойылатын талаптар және банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының аудитін жүргізуге лицензия беру туралы өтінішке қоса берілетін құжаттардың тізбесі туралы н ұ с қ а у л ы қ т а :

жоғары оң бұрышында "ұйымдарының" деген сөзден кейін "және

жинақтаушы зейнетақы қорларының" деген сөздермен толықтырылсын;
атауындағы "ұйымдарының" деген сөзден кейін "және жинақтаушы зейнетақы қорларының" деген сөздермен толықтырылсын;

1 - т а р м а қ т а :

"Сақтандыру қызметі туралы" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

"банктік және сақтандыру қызметін" деген сөздер "қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ұйымдарының" деген сөзден кейін "және жинақтаушы зейнетақы қорларының" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақта "2" деген саннан кейін ", 2-1" деген санмен толықтырылсын;

7-тармақтың б) тармақшасындағы "банктердің аудитін жүргізуге лицензия алу үшін - "қаржы және несие" мамандығы бойынша жоғары немесе орта арнаулы кәсіби білімінің болуы туралы мәліметтер, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының аудитін жүргізуге лицензия алу үшін - "сақтандыру ісі" мамандығы бойынша жоғары немесе орта арнаулы кәсіби білімінің болуы туралы мәліметтер" деген сөздер "жоғары экономикалық немесе математикалық білімді растайтын білім туралы дипломның нотариат куәландырған көшірмесі" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 10-1-тармақпен толықтырылсын:

"10-1. Аудиторлық ұйымның құрамында жинақтаушы зейнетақы қорларының аудитін жүргізуге уәкілетті органның лицензиясы бар кемінде екі аудитор болған кезде оған жинақтаушы зейнетақы қорларының аудитін жүргізуге лицензия беріледі.";

11-тармақта "ұйымдарының" деген сөзден кейін "және жинақтаушы зейнетақы қорларының" деген сөздермен толықтырылсын;

Нұсқаулықтың 1, 2, 3, 4, 5-қосымшаларындағы жоғары оң бұрышындағы " ұйымдарының" деген сөзден кейін "және жинақтаушы зейнетақы қорларының" деген сөздермен толықтырылсын;

Нұсқаулық мынадай мазмұндағы 2-1-қосымшамен толықтырылсын:

Өтініш берушіге қойылатын талаптар және банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының аудитін жүргізуге лицензия беру туралы өтінішке қоса берілетін құжаттардың тізбесі туралы нұсқаулыққа

2-1-қосымша

қаулының 2-қосымшасындағы жоғары оң бұрышындағы "ұйымдарының" деген сөзден кейін "және жинақтаушы зейнетақы қорларының" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енеді.

3. Лицензиялау басқармасы (Жұмабаева З.С.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р л а р ы н қ о л ғ а а л с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, "Зейнетақы қорларының қауымдастығы" Заңды тұлғалар бірлестігіне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" Заңды тұлғалардың бірлестігіне жіберсін.

4. Агенттіктің қызметін қамтамасыз ету департаменті (Несіпбаев Р.Р.) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Е.Л.Бахмутоваға жүктелсін.

Төраға